

«Құқық негіздері» пәнінен
жиынтық бағалауға арналған әдістемелік ұсыныстар
11-сынып
(қоғамдық-гуманитарлық бағыт)

Нұр-Сұлтан қаласы, 2020 жыл

Құрметті мұғалім!

Жиынтық бағалауға арналған әдістемелік ұсыныстар мұғалімге 11-сынып білім алушыларына «Құқық негіздері» пәні бойынша жиынтық бағалауды жоспарлау, ұйымдастыру және өткізуге көмек құралы ретінде құрастырылған. Жиынтық бағалауға арналған әдістемелік ұсыныстар «Құқық негіздері» пәні бойынша оқу бағдарламасы негізінде дайындалған.

Бөлім - ортақ тақырып бойынша жиынтық бағалаудың тапсырмалары мұғалімге білім алушының тоқсан бойынша жоспарланған оқу мақсаттарына жету деңгейін анықтауға мүмкіндік береді.

Жиынтық бағалауға арналған әдістемелік ұсыныстар бөлім/ортақ тақырып бойынша жиынтық бағалауды өткізуге арналған бағалау критерийлері мен дескрипторлары бар тапсырмалар ұсынылған. Сондай-ақ, жинақта білім алушылардың оқу жетістіктерінің мүмкін деңгейлері (рубрикалар) сипатталған. Дескрипторлары мен балдары бар тапсырмалар ұсыныстар түрінде берілген.

Қосымша материалдарды (нұсқаулықтар, таныстырылымдар, жоспарлар және т.б.), форумдағы талқылауларды және бейне нұсқауларды сіз «Назарбаев Зияткерлік мектептері» ДББҰ smk.edu.kz ресми сайтынан таба аласыз.

Жемісті жұмыс пен шығармашылық табыс тілейміз!

Әдістемелік ұсыныстар негізгі мектеп мұғалімдеріне, әдіскерлерге, критериалды бағалау бойынша өңірлік және мектеп үйлестірушілеріне, басқа да мүдделі тұлғаларға арналған.

Әдістемелік ұсыныстар дайындау барысында ресурстар (суреттер, мәтіндер, бейне және аудио материалдар, т.б.) қолжетімді ресми интернет-сайттардан алынды. Жинақ коммерциялық емес мақсатта құрастырылған.

МАЗМҰНЫ

1-ТОҚСАН БОЙЫНША ЖИЫНТЫҚ БАҒАЛАУҒА АРНАЛҒАН ТАПСЫРМАЛАР.....	4
«Мемлекет және құқық» бөлімі бойынша жиынтық бағалау	4
2-ТОҚСАН БОЙЫНША ЖИЫНТЫҚ БАҒАЛАУҒА АРНАЛҒАН ТАПСЫРМАЛАР.....	7
«Жария құқық» бөлімі бойынша жиынтық бағалау	7
3-ТОҚСАН БОЙЫНША ЖИЫНТЫҚ БАҒАЛАУҒА АРНАЛҒАН ТАПСЫРМАЛАР.....	11
«Жеке құқық» бөлімі бойынша жиынтық бағалау	11
4-ТОҚСАН БОЙЫНША ЖИЫНТЫҚ БАҒАЛАУҒА АРНАЛҒАН ТАПСЫРМАЛАР.....	14
«Іс-жүргізу құқығының негіздері» бөлімі бойынша жиынтық бағалау	14
«Халықаралық құқық» бөлімі бойынша жиынтық бағалау	18

1-ТОҚСАН БОЙЫНША ЖИЫНТЫҚ БАҒАЛАУҒА АРНАЛҒАН ТАПСЫРМАЛАР
«Мемлекет және құқық» бөлімі бойынша жиынтық бағалау

Тақырып	Заңдылық және құқықтық тәртіп. Мүмкіндігі шектеулі тұлғалар құқықтарының қорғалуы және жүзеге асырылуы. Сот жүйесі және судьялардың мәртебесі.
Оқу мақсаты	11.1.1.3 Заңдылық және құқықтық тәртіп ұғымдарын нақты мысалдармен түсіндіру 11.1.3.4 Қазақстан Республикасындағы мүмкіндігі шектеулі адамдардың құқығын жүзеге асыру және қорғау механизмдерін нақты жағдаяттар мысалында түсіндіру 11.1.4.1 Сот жүйесі элементтерін анықтау және оны графикалық түрде көрсету
Бағалау критерийі	<i>Білім алушы</i> <ul style="list-style-type: none"> • Заңдылық пен құқықтық тәртіптің мағынасын ашады • ҚР мүмкіндігі шектеулі адамдардың құқығын қорғау механизмдерін көрсетеді • Сот жүйесі элементтерін анықтап, графикалық түрде көрсетеді
Ойлау дағдыларының деңгейі	Қолдану
Орындау уақыты	20 минут

Тапсырма


1. Берілген ұғымдарға анықтама беріңіз және мысал келтіріңіз.

Заңдылық –	Құқықтық тәртіп -
Мысалы	

2. Жағдаят негізінде мүмкіндігі шектеулі адамдардың құқығын қорғау механизмдерін жазыңыз.

<i>Жағдаят</i>	<i>Құқықтарын қорғау механизмдері</i>
1. Азамат Қ. жол көлік апатына түсіп, денсаулығына аса ауыр зиян келеді. Ауруханада ота жасалып, оған оң жақ аяғы қызметінен айырылғандығын хабарланады. Дәрігерлер ампутация жасауға мәжбүр болады.	1. 2.
2. Семей ядролық полигонында әскери борышын өтеген азамат С. арада он бес жыл өткеннен кейін денсаулығы жұмыс істеуге жарамсыз болып қалады. Дәрігерлер арнайы диагноз қойып, ядролық апаттардың салдары екендігін мәлімдеді.	1. 2.

3. ҚР Сот жүйесінің элементтерін кестеге жазып толтырыңыз.



Бағалау критерийі	Тапсырма №	Дескриптор	Балл
		<i>Білім алушы</i>	
Зандылық пен құқықтық тәртіптің мағынасын ашады	1	Зандылық ұғымына анықтама береді;	1
		Мысал келтіреді;	1
		Құқықтық тәртіп ұғымына анықтама береді;	1
		Мысал келтіреді;	1
ҚР мүмкіндігі шектеулі адамдардың құқығын қорғау механизмдерін көрсетеді	2	1-жағдаят негізінде мүмкіндігі шектеулі адамдардың құқығын қорғаудың 1-механизмін жазады;	1
		1-жағдаят негізінде мүмкіндігі шектеулі адамдардың құқығын қорғаудың 2-механизмін жазады;	1
		2-жағдаят негізінде мүмкіндігі шектеулі адамдардың құқығын қорғаудың 1-механизмін жазады;	1
		2-жағдаят негізінде мүмкіндігі шектеулі адамдардың құқығын қорғаудың 2-механизмін жазады;	1
Сот жүйесі элементтерін анықтап, графикалық түрде көрсетеді	3	Сот жүйесінің құрылымындағы 1-бос орынды толтырады;	1
		Сот жүйесінің құрылымындағы 2-бос орынды толтырады;	1
		Сот жүйесінің құрылымындағы 3-бос орынды толтырады;	1
		Сот жүйесінің құрылымындағы 4-бос орынды толтырады;	1
Барлығы			12

«Мемлекет және құқық» бөлімі бойынша жиынтық бағалаудың нәтижесіне қатысты ата-аналарға ақпарат ұсынуға арналған рубрика

Білім алушының аты-жөні _____

Бағалау критерийлері	Оқу жетістігі деңгейі		
	Төмен	Орта	Төмен
Заңдылық пен құқықтық тәртіптің мағынасын ашады	Құқықтық тәртіп/заңдылық ұғымына анықтама беріп, мысал келтіруде қиналады <input type="checkbox"/>	Құқықтық тәртіп/заңдылық ұғымына анықтама беріп, мысал келтіруде қателеседі <input type="checkbox"/>	Құқықтық тәртіп/заңдылық ұғымына анықтама беріп, мысал келтіреді <input type="checkbox"/>
ҚР мүмкіндігі шектеулі адамдардың құқығын қорғау механизмдерін көрсетеді	1/2-жағдаят негізінде мүмкіндігі шектеулі адамдардың құқығын қорғаудың 1/2-механизмін жазуда қиналады <input type="checkbox"/>	1/2-жағдаят негізінде мүмкіндігі шектеулі адамдардың құқығын қорғаудың 1/2-механизмін жазуда қателеседі <input type="checkbox"/>	1/2-жағдаят негізінде мүмкіндігі шектеулі адамдардың құқығын қорғаудың 1/2-механизмін жазады <input type="checkbox"/>
Сот жүйесі элементтерін анықтап, графикалық түрде көрсетеді	Сот жүйесінің құрылымындағы 1/2/3/4-бос орынды толтыруда қиналады <input type="checkbox"/>	Сот жүйесінің құрылымындағы 1/2/3/4-бос орынды толтыруда қателеседі <input type="checkbox"/>	Сот жүйесінің құрылымындағы 1/2/3/4-бос орынды толтырады <input type="checkbox"/>

2-ТОҚСАН БОЙЫНША ЖИЫНТЫҚ БАҒАЛАУҒА АРНАЛҒАН ТАПСЫРМАЛАР

«Жария құқық» бөлімі бойынша жиынтық бағалау

Тақырып	Азаматтық - Қазақстан Республикасы конституциялық құқығының институты. Қоғамдық тәртіпке және адамгершілікке қол сұғатын әкімшілік құқық бұзушылық түрлері. Адам және азаматтардың конституциялық және басқа да құқықтары мен бостандықтарына қарсы қылмыстық құқық бұзушылық
Оқу мақсаты	11.2.1.1 Азаматтық ұғымын ашу 11.2.2.1 ҚР әкімшілік құқық нормаларына сәйкес адамдардың әрекетін саралау 11.2.4.1 Қазақстан Республикасының қылмыстық құқық нормаларына сәйкес адамдардың әрекетін саралау
Бағалау критерийі	<i>Білім алушы</i> <ul style="list-style-type: none">• Азаматтық ұғымын түсіндіреді• Әкімшілік құқық нормаларына сәйкес адамдардың әрекетін анықтайды• Қылмыстық құқық нормаларына сәйкес адамдардың әрекетін көрсетеді
Ойлау дағдыларының деңгейі	Қолдану
Орындау уақыты	20 минут

Тапсырма

1. Азаматтық ұғымының элементтеріне түсіндірме жазыңыз.

«Азаматтық» ұғымы заң бойынша үш элементтен тұрады.

- 1) адамның мемлекетпен тұрақты байланысы;
- 2) адамның мемлекетпен байланысы саяси-құқықтық сипатта болады;
- 3) мемлекет пен азаматтың арасында өзара құқық пен міндеттер белгіленеді.

Д. Сапарғалиев Ф. ҚР Конституциялық құқығы.

1. _____

2. _____

3. _____

2. Құқықтық жағдаятпен танысып, құқықбұзушылық жасаған тұлғаның әрекетін саралаңыз.

Азамат Т. бұрын бір жыл ішінде екі рет қоғамдық орынға адамның қадір қасиетіне әрі қоғамдық имандылыққа нұқсан келтіретіндей мас күйінде келгені үшін әкімшілік жазаға тартылды. Осыған қарамастан, ол 2018 жылдың 5 қаңтарында сағат 15.10 шамасында ауыл көшесінің бойында, яғни қоғамдық орында, адамның қадір-қасиетіне және қоғамдық имандылықты қорлайтындай масаң күйде жүрген.

1.Құқыққа қайшылық	2.Кінәлілік	3.Қоғамға зияндылық
--------------------	-------------	---------------------

4.Әкімішілік құқықбұзушылық кодексіне сәйкес қандай норма бұзылды?		
5.Қандай жаза тағайындалуы мүмкін?		

3. Құқықтық жағдаятпен танысып, жасалған қылмысты саралаңыз.

15.02.2018 жылы сағат 12:15 шамасында Т. аудандық полиция бөлімінің қызметкерілері, өз қызметтерін атқарып жүріп, А. ауылында орналасқан тас жолының жиегінде А-ның алкогольдік масаң күйде тұрғанын анықтап, полиция пунктiне жеткізіп, жеке басын анықтау барысында ол полиция қызметкеріне қарсы балағат сөздер айтып, ар-намысына тиіп, билік өкілін өз қызметтік міндеттерін атқару кезінде қорлаған.

Қылмыстық теріс қылық. ҚР ҚК 10 бап	Жаза тағайындау ҚР ҚК 52-54 баптары	Мәжбүрлі төлем ҚР ҚК 98 бап	ҚР ҚК бабы (ерекше бөлім)

Бағалау критерийі	Тапсырма №	Дескриптор	Балл
		<i>Білім алушы</i>	
Азаматтық ұғымын түсіндіреді	1	адамның мемлекетпен тұрақты байланысы ұғымын ашады;	1
		адам мен мемлекет арасындағы саяси-құқықтық байланысы ұғымын жазады;	1
		азамат пен мемлекет арасындағы өзара құқық пен міндеттерді белгілеу ұғымының мағынасын ашып жазады;	1
Әкімшілік құқық нормаларына сәйкес адамдардың әрекетін анықтайды	2	құқықбұзушылық жасаған тұлғаның әрекетінің құқыққа қайшылығын көрсетеді;	1
		құқықбұзушылық жасаған тұлғаның кінәлілігін көрсетеді;	1
		құқықбұзушылық жасаған тұлғаның әрекетінің қоғамға зиянын көрсетеді;	1
		Әкімшілік құқықбұзушылық кодексiне сәйкес бұзылған норманы көрсетеді;	1
		Тағайындалуы мүмкін жазаны көрсетеді;	1
Қылмыстық құқық нормаларына сәйкес адамдардың әрекетін көрсетеді	3	Құқықтық жағдаятпен танысып, қылмыстық теріс әрекетті көрсетеді;	1
		Құқықтық жағдаятпен танысып, қылмысқа қатысты тағайындалатын жазаны көрсетеді;	1
		Мәжбүрлі төлем көлемін жазады;	1
		ҚР ҚК бабын жазады.	1
Барлығы			12

«Жария құқық» бөлімі бойынша жиынтық бағалаудың нәтижесіне қатысты ата-аналарға ақпарат ұсынуға арналған рубрика
Білім алушының аты-жөні _____

Бағалау критерийлері	Оқу жетістігі деңгейі		
	Төмен	Орта	Төмен
Азаматтық ұғымын түсіндіреді	адамның мемлекетпен тұрақты байланысы/адам мен мемлекет арасындағы саяси-құқықтық байланысы/ азамат пен мемлекет арасындағы өзара құқық пен міндеттерді белгілеу ұғымының мағынасын ашуда қиналады <input type="checkbox"/>	адамның мемлекетпен тұрақты байланысы/адам мен мемлекет арасындағы саяси-құқықтық байланысы/ азамат пен мемлекет арасындағы өзара құқық пен міндеттерді белгілеу ұғымының мағынасын ашуда қателеседі <input type="checkbox"/>	адамның мемлекетпен тұрақты байланысы/адам мен мемлекет арасындағы саяси-құқықтық байланысы/ азамат пен мемлекет арасындағы өзара құқық пен міндеттерді белгілеу ұғымының мағынасын ашады <input type="checkbox"/>
Әкімшілік құқық нормаларына сәйкес адамдардың әрекетін анықтайды	Жағдаят бойынша құқықбұзушылық жасаған тұлғаның әрекетінің құқыққа қайшылығын/ тұлғаның кінәлілігін/ қоғамға зиянын көрсетуде, әкімшілік құқықбұзушылық кодексіне сәйкес бұзылған норманы көрсетуде, тағайындалуы мүмкін жазаны көрсетуде қиналады <input type="checkbox"/>	Жағдаят бойынша құқықбұзушылық жасаған тұлғаның әрекетінің құқыққа қайшылығын/ тұлғаның кінәлілігін/ қоғамға зиянын көрсетуде, әкімшілік құқықбұзушылық кодексіне сәйкес бұзылған норманы көрсетуде, тағайындалуы мүмкін жазаны көрсетуде қателеседі <input type="checkbox"/>	Жағдаят бойынша құқықбұзушылық жасаған тұлғаның әрекетінің құқыққа қайшылығын/ тұлғаның кінәлілігін/ қоғамға зиянын көрсетеді, әкімшілік құқықбұзушылық кодексіне сәйкес бұзылған норманы көрсетеді, тағайындалуы мүмкін жазаны көрсетеді <input type="checkbox"/>
Қылмыстық құқық нормаларына сәйкес адамдардың әрекетін көрсетеді	Құқықтық жағдаятпен танысып, қылмыстық теріс әрекетті/қылмысқа қатысты тағайындалатын жазаны/мәжбүрлі төлем көлемін/ҚР ҚК бабын жазуда қиналады <input type="checkbox"/>	Құқықтық жағдаятпен танысып, қылмыстық теріс әрекетті/қылмысқа қатысты тағайындалатын жазаны/мәжбүрлі төлем көлемін/ҚР ҚК бабын жазуда қателеседі <input type="checkbox"/>	Құқықтық жағдаятпен танысып, қылмыстық теріс әрекетті/қылмысқа қатысты тағайындалатын жазаны/мәжбүрлі төлем көлемін/ҚР ҚК бабын жазады <input type="checkbox"/>

3-ТОҚСАН БОЙЫНША ЖИЫНТЫҚ БАҒАЛАУҒА АРНАЛҒАН ТАПСЫРМАЛАР
«Жеке құқық» бөлімі бойынша жиынтық бағалау

Тақырып	Мұрагерлік құқық. Авторлық және сабақтас құқықтың құқықтық реттелу түсінігі мен нысаны. Отбасы мүшелерінің алименттік міндеттемелері.
Оқу мақсаты	11.3.1.3 Мұрагерлік құқықтың құқықтық реттелу ұғымы мен нысанын түсіндіру 11.3.3.2 Авторлық құқық саласында нақты жағдайды шешудің құқықтық жолдарын ұсыну 11.3.4.4 Алименттік қатынастардың субъектілерін және алименттік қатынастардың пайда болу негіздерін құқықтық жағдаяттар мысалында анықтау
Бағалау критерийі	<i>Білім алушы</i> <ul style="list-style-type: none"> • Мұрагерлік құқықтың ұғымы мен нысанын түсіндіреді • Авторлық құқық саласында нақты жағдайды шешудің құқықтық жолдарын көрсетеді • Алименттік қатынастардың пайда болу негіздерін құқықтық жағдаят арқылы қарастырады
Ойлау дағдыларының деңгейі	Қолдану Жоғары деңгей дағдылары
Орындау уақыты	20 минут

Тапсырма

1. Мұрагерлік құқықтың ұғымын жазып, оның нысандарын түсіндіріңіз.

Мұрагерлік құқық -

Мұрагерлік құқық	
заң бойынша	өсиет бойынша

2. Авторлық құқық саласына нақты жағдайды шешудің құқықтық жолдарын ұсыныңыз. Танымал әнші Б. есімді ақынның шығармашылық туындысын рұқсатсыз пайдаланып келген. Бірде ақын өз мәтінін танып, әншіден өтемақы талап етті.

Авторлық құқық саласында нақты жағдайды шешудің құқықтық жолдарын ұсыныңыз.

1. _____
2. _____
3. _____

3. Құқықтық жағдаятпен танысып, сұрақтарға жауап беріңіз.

Б. есімді азамат өзінің ата-анасын бағудан бас тартты. Алайда ата-анасы оны осы уақытқа дейін баққандағын айтып қартайғанда көмек көрсетуін сұрады. Алайда жас бала ата-анасының сөзін тыңдамай, басқа қалаға көшіп кетті.

Ата-анасының балаға қойып отырған талабы заңға сәйкес пе? Неліктен?

Ата-ананың бала алдындағы міндеттері қандай? (кез-келген екеуін жазыңыз)

Баланың ата-ана алдындағы міндеттері қандай? (кез-келген екеуін жазыңыз)

Ата-анасына қандай құқықтық көмек ұсынар едіңіз? (екеуін жазыңыз)

Бағалау критерийі	Тапсырма №	Дескриптор	Балл
		<i>Білім алушы</i>	
Мұрагерлік құқықтың ұғымы мен нысанын түсіндіреді	1	Мұрагерлік құқық ұғымын түсіндіреді;	1
		Заң бойынша мұрагерлік құқықты түсіндіреді;	1
		Өсиет бойынша мұрагерлік құқықты түсіндіреді;	1
Авторлық құқық саласында нақты жағдайды шешудің құқықтық жолдарын көрсетеді	2	Авторлық құқық саласында нақты жағдайды шешудің құқықтық 1-жолын ұсынады;	1
		Авторлық құқық саласында нақты жағдайды шешудің құқықтық 2-жолын ұсынады;	1
		Авторлық құқық саласында нақты жағдайды шешудің құқықтық 3-жолын ұсынады;	1
Алименттік қатынастардың пайда болу негіздерін құқықтық жағдаят арқылы қарастырады	3	Ата-анасының балаға қойып отырған талабы заңға сәйкес/сәйкес еместігін жазады;	1
		Себебін жазады;	1
		Ата-ананың бала алдындағы 1-міндетін жазады;	1
		Ата-ананың бала алдындағы 2-міндетін жазады;	1
		Баланың ата-ана алдындағы 1-міндетін жазады;	1
		Баланың ата-ана алдындағы 2-міндетін жазады;	1
		Ата-анасына ұсынатын 1-құқықтық көмекті жазады;	1
		Ата-анасына ұсынатын 2-құқықтық көмекті жазады.	1
Барлығы			14

«Жеке құқық» бөлімі бойынша жиынтық бағалаудың нәтижесіне қатысты ата-аналарға ақпарат ұсынуға арналған рубрика

Білім алушының аты-жөні _____

Бағалау критерийлері	Оқу жетістігі деңгейі		
	Төмен	Орта	Жоғары
Мұрагерлік құқықтың ұғымы мен нысанын түсіндіреді	Мұрагерлік құқық ұғымын, заң бойынша/өсиет бойынша мұрагерлік құқықты түсіндіруде қиналады <input type="checkbox"/>	Мұрагерлік құқық ұғымын, заң бойынша/өсиет бойынша мұрагерлік құқықты түсіндіруде қателіктер жібереді <input type="checkbox"/>	Мұрагерлік құқық ұғымын, заң бойынша/өсиет бойынша мұрагерлік құқықты түсіндіреді <input type="checkbox"/>
Авторлық құқық саласында нақты жағдайды шешудің құқықтық жолдарын көрсетеді	Авторлық құқық саласына нақты жағдайды шешудің құқықтық 1/2/3 жолдарын қарастыруда қиналады <input type="checkbox"/>	Авторлық құқық саласына нақты жағдайды шешудің құқықтық 1/2/3 жолдарын қарастыруда қателіктер жібереді <input type="checkbox"/>	Авторлық құқық саласына нақты жағдайды шешудің құқықтық 1/2/3 жолдарын ұсынады <input type="checkbox"/>
Алименттік қатынастардың пайда болу негіздерін құқықтық жағдаят арқылы қарастырады	Ата-анасының балаға қойып отырған талабы заңға сәйкес/сәйкес еместігін жазуда, себебін көрсетуде, ата-ананың бала алдындағы 1/2-міндетін, баланың ата-ана алдындағы 1/2-міндетін, ата-анасына ұсынатын 1/2-құқықтық көмекті жазуда қиналады <input type="checkbox"/>	Ата-анасының балаға қойып отырған талабы заңға сәйкес/сәйкес еместігін жазуда, себебін көрсетуде, ата-ананың бала алдындағы 1/2-міндетін, баланың ата-ана алдындағы 1/2-міндетін, ата-анасына ұсынатын 1/2-құқықтық көмекті жазуда қателеседі <input type="checkbox"/>	Ата-анасының балаға қойып отырған талабы заңға сәйкес/сәйкес еместігін жазады, себебін көрсетеді, ата-ананың бала алдындағы 1/2-міндетін, баланың ата-ана алдындағы 1/2-міндетін, ата-анасына ұсынатын 1/2-құқықтық көмекті жазады <input type="checkbox"/>

4-ТОҚСАН БОЙЫНША ЖИЫНТЫҚ БАҒАЛАУҒА АРНАЛҒАН ТАПСЫРМАЛАР «Іс-жүргізу құқығының негіздері» бөлімі бойынша жиынтық бағалау

Тақырып	Кәмелетке толмағандардың қылмыстық құқық бұзушылығы бойынша іс жүргізу. Талап қою іс жүргізуінің негіздері. Әкімшілік құқық бұзушылық бойынша істерді қарастыратын уәкілетті органдар.
Оқу мақсаты	11.4.1.2 Кәмелетке толмағандардың қатысуымен болатын қылмыстық құқық бұзушылық істері бойынша іс жүргізу ерекшеліктерін айқындау 11.4.2.1 Талап қою шарттарын түсіндіру 11.4.3.1 Әкімшілік құқық бұзушылық бойынша істерді қарастыратын уәкілетті органдардың (лауазымды тұлғалардың) құзыретін құқықтық жағдаяттар мысалында ажырата білу
Бағалау критерийі	<i>Білім алушы</i> <ul style="list-style-type: none">• Кәмелетке толмағандардың қатысуымен болатын қылмыстық құқықбұзушылық істері бойынша іс жүргізу ерекшеліктерін анықтайды• Талап қою шарттарын түсіндіреді• Жағдаяттар мысалында әкімшілік құқық бұзушылық бойынша істерді қарастыратын уәкілетті органдардың (лауазымды тұлғалардың) құзыретін ажыратады
Ойлау деңгейі	дағдыларының Қолдану Жоғары деңгей дағдылары
Орындау уақыты	20 минут

Тапсырма

1. Кәмелетке толмағандардың қатысуымен болатын қылмыстық құқық бұзушылық істері бойынша іс жүргізу ерекшеліктерін жазыңыз.
 - 1.
 - 2.
 - 3.

2. Талап қою шарты бойынша берілген сұрақтарға жауап беріңіз.

Талап арызда жауапкер туралы қандай мәлімет берілуі тиіс?

Талап арызда талап қоюшы туралы қандай мәлімет берілуі тиіс?

Талап арызда істің мән-жайы бойынша не жазылуы тиіс?

Талап арызда талап қоюдың бағасы, өндіріп алынатын немесе дауланатын ақшалай сомалар қандай сипатта көрсетіледі?

Талап қою арызына қоса берілетін құжаттар қандай?

3. ҚР Әкімшілік құқықбұзушылық кодексіне (36-тарау) сүйене отырып құқықтық жағдаяттарды қарастыратын лауазымды адамдарды жазыңыз.

Құқықтық жағдаят	Әкімшілік құқықбұзушылық туралы істерді қарайтын лауазымды адамдар/мемлекеттік органдар
<p>1. Жасы 45-тегі азамат А. жұмыссыз еді. Жұмыспен қамту орталығына тіркелгеннен кейін ол мекеме көп ұзамай еден жуушы жұмысын ұсынады. Азамат А. келісіп аталған жұмыс орнына жұмысқа кіреді. Жұмыс беруші азамат А.-мен еңбек шартын жасаспайды. Арада бір жыл уақыт өткен соң жұмыс беруші азамат А-ны жұмыстан ешбір себепсіз шығарып жібереді.</p> <p><i>Сұрақ: Азамат А-ны еңбек шартын жасаспай жұмысқа жібергені үшін тағайындалатын әкімшілік жазаны белгілейтін мемлекеттік орган қалай аталады?</i></p>	
<p>2. Ерлі-зайыптылардың Қ. есімді қызы, жалпы орта білім беретін мектептің 5 сыныбында оқиды. Ата-анасының діни сеніміне сәйкес олар қызын арнайы хиджаб діни киімін киюді қыз баласына міндеттейді. Алайда мектеп әкімшілігі қыз баланы мектепке кіргізуден бас тартады. Себеп: білім беру саласындағы уәкілетті орган белгілеген міндетті мектеп формасына қойылатын талаптарды орындамау.</p> <p><i>Сұрақ: ата-аналарды «Білім» туралы заңның 49 бабының 6-7 тарамғаына сәйкес өз міндетін орындамағаны үшін әкімшілік жауапқа тартатын мемлекеттік орган/лауазымды тұлғаны атаңыз?</i></p>	
<p>3. Азамат С. түрлі тауарлар сататын базарға барып, өзіне теледидар сатып алады. Сатушыдан бұл теледидар туралы ақпарат беруін, яғни шығарылған жері, дайындаушы, тұтыну қасиеттері және кепілді міндеттемелері туралы айтуын өтінеді. Алайда сатушы ол туралы қажетті ақпаратты бермейді.</p> <p><i>Сұрақ: сатып алушыға тауар туралы ақпарат бермеген сатушыны әкімшілік құқықбұзушылық жасағаны үшін жауапқа тартатын мемлекеттік орган/лауазымды тұлғаны атаңыз?</i></p>	

Бағалау критерийі	Тапсырма №	Дескриптор	Балл
		<i>Білім алушы</i>	
Кәмелетке толмағандардың қатысуымен болатын қылмыстық құқықбұзушылық істері бойынша іс жүргізу ерекшеліктерін анықтайды	1	Кәмелетке толмағандардың қатысуымен болатын қылмыстық құқық бұзушылық істері бойынша іс жүргізудің 1-ерекшелігін жазады;	1
		Кәмелетке толмағандардың қатысуымен болатын қылмыстық құқық бұзушылық істері бойынша іс жүргізудің 2-ерекшелігін жазады;	1
		Кәмелетке толмағандардың қатысуымен болатын қылмыстық құқық бұзушылық істері бойынша іс жүргізудің 3-ерекшелігін жазады;	1
Талап қою шарттарын түсіндіреді	2	Талап арызда жауапкер туралы қандай мәлімет берілуі керектігін жазады;	1
		Талап арызда талап қоюшы туралы қандай мәлімет берілуі керектігін жазады;	1
		Талап арызда істің мән-жайы бойынша не жазылуы керектігін жазады;	1
		Талап арызда талап қоюдың бағасы, өндіріп алынатын немесе дауланатын ақшалай сомалар қандай сипатта көрсетілетіндігін жазады;	1
		талап қою арызына қоса берілетін құжаттарды жазады;	1
Жағдаяттар мысалында әкімшілік құқық бұзушылық бойынша істерді қарастыратын уәкілетті органдардың (лауазымды тұлғалардың) құзыретін ажыратады	3	1-құқықтық жағдаятты қарастыратын лауазымды тұлғаны/адамды жазады;	1
		2-құқықтық жағдаятты қарастыратын лауазымды тұлғаны/адамды жазады;	1
		3-құқықтық жағдаятты қарастыратын лауазымды тұлғаны/адамды жазады.	1
Барлығы			11

«Іс-жүргізу құқығының негіздері» бөлімі бойынша жиынтық бағалаудың нәтижесіне қатысты ата-аналарға ақпарат ұсынуға арналған рубрика

Білім алушының аты-жөні _____

Бағалау критерийлері	Оқу жетістігі деңгейі		
	Төмен	Орта	Жоғары
Кәмелетке толмағандардың қатысуымен болатын қылмыстық құқықбұзушылық істері бойынша іс жүргізу ерекшеліктерін анықтайды	Кәмелетке толмағандардың қатысуымен болатын қылмыстық құқық бұзушылық істері бойынша іс жүргізудің 1/2/3-ерекшелігін жазуда қиналады <input type="checkbox"/>	Кәмелетке толмағандардың қатысуымен болатын қылмыстық құқық бұзушылық істері бойынша іс жүргізудің 1/2/3-ерекшелігін жазуда қателеседі <input type="checkbox"/>	Кәмелетке толмағандардың қатысуымен болатын қылмыстық құқық бұзушылық істері бойынша іс жүргізудің 1/2/3-ерекшелігін жазады <input type="checkbox"/>
Талап қою шарттарын түсіндіреді	Талап арызда талап қоюшы/ жауапкер туралы қандай мәлімет берілуі, істің мән-жайы бойынша не жазылуы, керектігін жазуда; талап қоюдың бағасы, өндіріп алынатын немесе дауланатын ақшалай сомалар қандай сипатта көрсетілетіндігін, талап қою арызына қоса берілетін құжаттарды жазуда қиналады <input type="checkbox"/>	Талап арызда талап қоюшы/ жауапкер туралы қандай мәлімет берілуі, істің мән-жайы бойынша не жазылуы, керектігін жазуда; талап қоюдың бағасы, өндіріп алынатын немесе дауланатын ақшалай сомалар қандай сипатта көрсетілетіндігін, талап қою арызына қоса берілетін құжаттарды жазуда қателеседі <input type="checkbox"/>	Талап арызда талап қоюшы/ жауапкер туралы қандай мәлімет берілуі, істің мән-жайы бойынша не жазылуы, керектігін жазады; талап қоюдың бағасы, өндіріп алынатын немесе дауланатын ақшалай сомалар қандай сипатта көрсетілетіндігін, талап қою арызына қоса берілетін құжаттарды жазады <input type="checkbox"/>
Жағдаяттар мысалында әкімшілік құқық бұзушылық бойынша істерді қарастыратын уәкілетті органдардың (лауазымды тұлғалардың) құзыретін ажыратады	1/2/3-құқықтық жағдаятты қарастыратын лауазымды тұлғаны/адамды жазуда қиналады <input type="checkbox"/>	1/2/3-құқықтық жағдаятты қарастыратын лауазымды тұлғаны/адамды жазуда қателеседі <input type="checkbox"/>	1/2/3-құқықтық жағдаятты қарастыратын лауазымды тұлғаны/адамды жазады <input type="checkbox"/>

«Халықаралық құқық» бөлімі бойынша жиынтық бағалау

Тақырып	Халықаралық актілер негізінде ҚР азаматтары құқығының жүзеге асырылуы
Оқу мақсаты	11.5.1.1 ҚР таныған халықаралық құқықтың қайнар көздері негізінде ҚР халықаралық құқығы мен міндеттемелерін түсіндіру
Бағалау критерийі	<i>Білім алушы</i> <ul style="list-style-type: none">• ҚР таныған халықаралық құқықтың қайнар көздері негізінде ҚР халықаралық құқығы мен міндеттемелерін түсіндіреді
Ойлау дағдыларының деңгейі	Білу және түсіну
Орындау уақыты	20 минут

Тапсырма

Берілген деректерді пайдалана отырып, аталған баптарда көрсетілген жағдайлардың орындалуы не орындалмауы туралы пікіріңізді жазыңыз.

2-бап

2. Пактіге қатысушы мемлекеттер Пактіде жарияланған құқықтар нәсілге, түр-түске, жынысқа, тілге, дінге, саяси немесе өзге наным-сенімдерге, ұлттық немесе әлеуметтік шығу тегіне, мүліктік жағдайға, сондай-ақ туылуы немесе өзге де жағдаяттарға қарамастан, қандай да болмасын *кемсітусіз* жүзеге асырылатынына кепілдік беруге міндеттенеді.

ЭКОНОМИКАЛЫҚ, ӘЛЕУМЕТТІК ЖӘНЕ МӘДЕНИ
ҚҰҚЫҚТАР ТУРАЛЫ ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ПАКТ
БІРІККЕН ҰЛТТАР ҰЙЫМЫ 1967

Бапта көрсетілген жағдайлардың орындалуы не орындалмауы туралы пікіріңізді жазыңыз. Өз пікіріңізге 2 дәлел келтіріңіз.

21-бап

Бейбіт түрдегі жиналыстарды өткізу *құқығы* танылады. Бұл құқықты пайдалану тек демократиялық қоғамның мемлекеттік, немесе қоғамдық қауіпсіздік пен қоғамдық тәртіп мүдделерін, жұрттың денсаулығы мен имандылығын сақтау және басқа адамдардың құқықтары мен бостандықтарын қорғау қажет етілетін, заңмен көзделген шектеулерден тыс шектелуі тиіс емес.

Азаматтық және саяси құқықтар туралы
халықаралық пакті
(Нью-Йорк, 1966 ж. 16 желтоқсан)
ҚР ратификациялады 2005 жылғы 28 қарашадағы N 91 Заңымен

Бапта көрсетілген жағдайлардың орындалуы не орындалмауы туралы пікіріңізді жазыңыз. Өз пікіріңізге 2 дәлел келтіріңіз.

26-бап

1. Әр адамның білім алуға құқығы бар. Білім беру, ең болмағанда бастауыш және жалпы білім, тегін болуы тиіс. Бастауыш білім баршаға *міндетті* болуы тиіс. Техникалық және кәсіптік білім көпшіліктің қолы жетерліктей болуы тиіс және жоғары білім де, әркімнің қабілетіне қарай көпшіліктің қолы жетерліктей болуы тиіс.

Адам құқықтарының жалпыға бірдей декларациясы

Декларация Біріккен Ұлттар Ұйымы Бас

Ассамблеясының резолюциясымен 1948 ж 10 желтоқсанда қабылданған

Бапта көрсетілген жағдайлардың орындалуы не орындалмауы туралы пікіріңізді жазыңыз. Өз пікіріңізге 2 дәлел келтіріңіз.

Бағалау критерийі	Тапсырма №	Дескриптор	Балл
		<i>Білім алушы</i>	
ҚР таныған халықаралық құқықтың қайнар көздері негізінде ҚР халықаралық құқығы мен міндеттемелерін түсіндіреді		1-дерек бойынша бапта көрсетілген жағдайлардың орындалуы не орындалмауы туралы пікірін жазады;	1
		Өз пікіріне 1-дәлел келтіреді;	1
		Өз пікіріне 2-дәлел келтіреді;	1
		2-дерек бойынша бапта көрсетілген жағдайлардың орындалуы не орындалмауы туралы пікірін жазады;	1
		Өз пікіріне 1-дәлел келтіреді;	1
		Өз пікіріне 2-дәлел келтіреді;	1
		3-дерек бойынша бапта көрсетілген жағдайлардың орындалуы не орындалмауы туралы пікірін жазады;	1
		Өз пікіріне 1-дәлел келтіреді;	1
		Өз пікіріне 2-дәлел келтіреді;	1
Барлығы			9

«Халықаралық құқық» бөлімі бойынша жиынтық бағалаудың нәтижесіне қатысты ата-аналарға ақпарат ұсынуға арналған рубрика

Білім алушының аты-жөні _____

Бағалау критерийлері	Оқу жетістігі деңгейі		
	Төмен	Орта	Жоғары
ҚР таныған халықаралық құқықтың қайнар көздері негізінде ҚР халықаралық құқығы мен міндеттемелерін түсіндіреді	1/2/3-дерек бойынша бапда көрсетілген жағдайлардың орындалуы не орындалмауы туралы пікірін жазуда, өз пікіріне 1/2-дәлел келтіруде қиналады <input type="checkbox"/>	1/2/3-дерек бойынша бапда көрсетілген жағдайлардың орындалуы не орындалмауы туралы пікірін жазуда, өз пікіріне 1/2-дәлел келтіруде қателеседі <input type="checkbox"/>	1/2/3-дерек бойынша бапда көрсетілген жағдайлардың орындалуы не орындалмауы туралы пікірін жазады, өз пікіріне 1/2-дәлел келтіреді <input type="checkbox"/>